

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 16 мамыр N 395. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, есірткінің заңсыз таралуы мен пайдаланылуына қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты көзделсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Бағдарламаны орындауды қамтамасыз ету жөніндегі бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі Агенттігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің
2000 жылғы 16 мамырдағы
N 395 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі
бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы**

Астана, 2000 жыл

Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі
бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Әзірленім үшін
негіздеме

Салауатты өмір салты үшін, соның ішінде
нашақорлық пен есірткіге қарсы күрес Үкіметтің
басым міндеті болып айқындалған ел Президентінің
1997 жылғы 10 қазандағы "Қазақстан - 2030. Барлық
қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі
және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына
ж о л д а у ы .

"Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және
олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына
қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан
Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы.

Негізгі
әзірлеушілер

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес
жөніндегі агенттік, Стратегиялық жоспарлау
жөніндегі агенттік (Стратегагенттік), Ұлттық
қауіпсіздік комитеті (ҰҚК), Ішкі істер
министрлігі (ІІМ), Бас Прокуратура (БП),
Әділет министрлігі (Әділетмині), Мемлекеттік
кіріс министрлігі (Мемкірісмині), Қаржы
министрлігі (Қаржымині), Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі (Еңбекмині), Білім
және ғылым министрлігі (Білімғылыммині),
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі (Мәдениет-ақпаратмині), Денсаулық
сақтау ісі жөніндегі агенттік
(Денсаулықагенттігі), Сыртқы істер министрлігі
(Сыртқыісмині).

Бағдарламаның
мақсаты

Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі
бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді
мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің
негізгі буындарын құру.

Бағдарламаның
міндеттері:

- 1) нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес
саласында заңдарды жетілдіру;
- 2) есірткі, психотроптық заттар мен
прекурсорлардың айналымына бақылауды күшейту;
- 3) есірткі, психотроптық заттар мен
прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл
т е т і г і н д а м ы т у ;
- 4) есірткінің теріс пайдаланылуының алдын алу
есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту;

5) есірткінің заңсыз айналымы мен оның теріс пайдаланылуын бақылау саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнату.

Қаржыландыру Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты көздері

Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасының тегін техникалық көмегі.

Күтілетін - заңсыз айналымнан алынған есірткі және нәтижелер: психотроптық заттар көлемінің ұлғаюы әрі есірткі және психотроптық заттарды теріс тұтынудың нәтижесінде жасалатын қылмыстар санының азаюы;

- есірткіні заңсыз тұтынатындығы анықталған адамдар санының өсуі мен олардың қатарының бірте-бірте сиреуі;
- есірткінің заңсыз айналымына байланысты істер бойынша сот ісін жүргізу тиімділігінің артуы;
- Қазақстан Республикасының кеден және мемлекеттік шекарасының периметрі бойынша бақылаудың күшеюі.

1. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) салауатты өмір салты үшін, соның ішінде нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес Үкіметтің басым міндеттері болып айқындалған ел Президентінің К972030_ "Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына Жолдауына әрі "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Z980279_ Қазақстан Республикасының Заңына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің 1999 жылғы 9 қарашадағы N 4 хаттамалық шешіміне сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамашылығы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасы әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2005 жылдары жүргізетін шараларын қолдауға арналған Есірткінің заңсыз айналымы мен ұйымдасқан қылмысты бақылау жөніндегі іс-жоспар Бағдарламаның негізі болып табылады.

Бағдарлама Іс-жоспардың 2000-2001 жылдар кезеңін қамтитын 1-кезеңін

бөліп көрсетеді, оған қол жеткізуге бағытталған басым міндеттер мен шаралар
к е ш е н і н а й қ ы н д а й д ы .

Бағдарламаны іске асырудың соңғы айларының ішінде қол жеткен нәтижелер талданып, Іс-жоспарға сәйкес бағаланатын болады, бұл 2002-2005 жылдарды қамтитын 2-кезеңді қалыптастыру үшін негіз болады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2005 жылдарға арналған Стратегиясының алғашқы құрамдас бөлігі болып табылады.

2. ПРОБЛЕМАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Есірткіге қарсы күрес проблемасы Қазақстан үшін жаңадан пайда болып отырған жоқ. Ол бұрыннан бар, бұған өндіруге қажет шикізатқа кеңінен қол жетімділік және құрамында алколоидтар мен тетрагидроканнабинол (ТГК) мол қылшаны жинау мен апиын көкнәрін және сораны өсіруге қолайлы климаттық жағдайлар мүмкіндік туғызды. Құрамында есірткі бар өсімдіктер өсетін жалпы алаң Қазақстанда 1 млн. гектардан астам жерді құрайды. Жамбыл облысының Шу алқабындағы жабайы сора плантациясы (130 мың га) аса көлемді болып табылады, мамандардың бағалауы бойынша, одан жылына шамамен 145 мың тонна марихуана немесе 5-6 мың тонна гашиш алуға болады.

Алайда соңғы жылдары бұл проблема жаппай ауқым ала бастады, ал мемлекеттің оған барабар іс-әрекет етуге жағдайы болмай шықты. Апиынды, героинды және басқа да "ауыр" есірткілерді заңсыз өндіріп, өткізу ең үлкен әрі кірісті рыноктардың аралығында, демек оларды әлемдік тасымалдаудың басты жолында орналасқан Қазақстан Ауғанстаннан Ресейге және батыс, бәрінен бұрын еуропалық елдерге есірткі контрабандасының негізгі жол бағытының құрамдас б ө л і г і н е а й н а л д ы .

Есірткіні теріс пайдаланудың ұлғайып келе жатқан ауқымы мен есірткі " іскерлерінің" қызметін ауыздықтауға мемлекеттің жеткілікті дәрежеде мүмкіншілігінің болмауы, заңдардың жетілмегендігі, сондай-ақ Орта Азия елдерінің арасында есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың трансшекаралық арналарының жолын кесу жөніндегі тиісті үйлестірудің болмауы қылмыстың өсуі мен есірткіні теріс пайдалану саласындағы ахуалды ш и е л е н і с т і р е т ү с е д і .

Қазақстан Республикасының 2000 жылға дейінгі қылмысқа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында көзделген шаралардың іске асырылғанына қарамастан, есірткінің елдегі заңсыз таралуына қарсы күресте күрт бетбұрыстың болмағандығын мойындау қажет. Ал "Есірткінің теріс пайдаланылуы мен заңсыз таралуына қарсы іс-қимылдың 1997-1998 жылдарға арналған кешенді шаралары" атты Үкіметтің нысаналы бағдарламасы тек қана нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында түбегейлі жаңғыртулар

ү ш і н н е г і з ж а с а д ы .

Бұл күндері Қазақстан Республикасында есірткінің жай-күні мынадай сипатқа и е :

- есірткіні медициналық емес тұрғыда тұтынуға жол беретін адамдардың саны ұдайы өсуде. Денсаулық сақтау органдарының деректері бойынша, 30 мыңнан астам нашақор ресми тіркелген. 1991 жылмен салыстырғанда нашақорлық дертіне ұшырау 19 есе, ал оның таралуы 5 есе өсті;

- есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыс шапшаң өсті. Мұндай қылмыстардың саны 1998 жылы 18845 болды. Қылмыстың 18%-ке төмендеп тұрған 1991-1998 жылдар ішінде есірткіге байланысты қылмыстардың саны 3,8 есе өскенін атап өткен жөн;

- есірткіні жасөспірімдердің тұтынуы етек алды, яғни есірткі мектептер мен басқа да оқу орындарына енді. Бұл күндері 13-14 жасты есірткіні алғашқы медициналық емес тұрғыда тұтынудың орнықты қалыптасқан шекарасы ретінде, сондай-ақ есірткімен заңсыз іс-әрекетке тартылуға мейлінше бейім кезең ретінде қ а р а у ғ а б о л а д ы ;

- есірткіні күре тамырға енгізу көбейді, мұның өзі елде ВИЧ/СПИД-тің таралуының негізгі себебі болып табылады. 1998 жылдың аяғында елде ВИЧ жұқтырғандардың жалпы саны 815 адам болды, оның 80%-тен астамы - шприцті п а й д а л а н а т ы н н а ш а қ о р л а р ;

- Қазақстан Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс Азиядан Ресей мен Еуропаға героин мен апиинның және Оңтүстік Америкадан кокаинның негізгі тасқыны өтетін транзиттік дәліз ретінде пайдаланыла бастады, сондай-ақ контрабанда күшейе түсіп, халықаралық есірткі бизнесі қазақстандық сыбайластарымен орнықты байланыстар орнатты. Бұған заңсыз есірткілерді тәркілеудің санының (және көлемдерінің) елеулі түрде өсуі мысал бола алады, оның жыл сайынғы көлемі 1992 жылдан бастап орташа есеппен 11-12 тоннаны қ ұ р а п о т ы р ;

- нашақорларды мәжбүрлеп емдеу көрсеткіші төмендеді. Статистиканың деректері бойынша соңғы жылдары мәжбүрлеп емдеуге жіберілген адамдардың саны: 1994 жылы - 2025, 1995 жылы - 2746, 1996 жылы - 1774, 1997 жылы 1545 а д а м б о л д ы .

Қазақстандағы есірткі ахуалының одан әрі дамуына байланысты үрдістер елдің болашағына қатер төндіреді, экономикалық реформалардың барысын және гүлденген демократиялық қоғам құруға ілгерілеуін қиындатады.

Сондықтан Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасындағы нашақорлық пен есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің негізгі буындарын құру.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай басым бағыттарды шешу көзделеді:

- 1) нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында заңдарды жетілдіру;
- 2) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылауды күшейту;
- 3) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін жетілдіру;
- 4) есірткіні теріс тұтынудың алдын алу есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту;
- 5) есірткінің заңсыз айналымы мен оның теріс пайдаланылуын бақылау саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнату.

4. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ШАРАЛАР

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу және басым міндеттерді шешу үшін Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің қазіргі жүйесін түбегейлі қайта құруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруды көздейді.

4.1. Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы заңдарды жетілдіру

Есірткі бизнесі мен есірткінің теріс пайдаланылуын бақылауды белгілейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданбай, Бағдарламаның көптеген басым міндеттері шешілмейді.

Сондықтан есірткіні бақылау саласындағы заңдарды жетілдіру мақсатында басқа да нормативтік құқықтық актілер халықаралық конвенциялардың барлық ережелеріне сәйкес келтірілетін болады.

"Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесі әзірленіп, ол ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу үшін негіз болады.

Бұдан басқа, Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске есірткінің таралуына жауапкершілікті күшейтуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қажеттілігі туралы мәселе зерделенетін болады.

4.2. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына бақылауды күшейту

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына бақылауды күшейту мақсатында емдеу-оналту және қайта бейімдеу жұмыстарын, сондай-ақ заңды есірткі мен психотроптық заттардың өндірілуін, саудалануын және пайдаланылуын бақылау бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мүмкіншілігі нығайтылатын болады. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетін қоса алғанда басқа да мемлекеттік органдар материалдық қолдау мен қосымша штат бірліктерін алады.

Морфий, героин мен қылшаны заңсыз өндіру кезінде пайдаланылатын химиялық заттарға бақылау жасауға басым көңіл бөліне отырып, өкілеттіктері айқын белгіленген мүдделі министрліктер мен ведомстволардың прекурсорларға ведомствоаралық бақылау жасайтын жүйесі әзірленетін болады, сондай-ақ қылша шикізатының өнімін заңсыз жинау мен сауда жасауға тыйым салу жөніндегі шаралар күшейтіледі.

Есірткі мен психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі қалыптастыратын болады. Осы Агенттіктің негізгі қызметі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, құзыретті органдардың, қоғамдық ұйымдардың қызметін және халықаралық ынтымақтастықты үйлестіруге; шетелдік инвестицияларды және шетелдер мен халықаралық ұйымдардың техникалық көмегін тартуға бағытталатын болады.

Есірткіні бақылау жөніндегі іс-қимылды алға жылжыту және қолдау мақсатында жергілікті деңгейде бірқатар облыстар мен қалаларда тиісті атқарушы органдар есірткіні бақылау жөніндегі аймақтық комиссиялар құрады. Олардың жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізілген соң, мұндай тәжірибе елдің басқа облыстарында және неғұрлым ірі қалаларында жалғасын табатын болады.

4.3. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін дамыту

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымының жолын кесу мақсатында құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын нығайту және олардың қызметінің тиімділігін арттыру, соның ішінде ақшаны "тазартуға" және есірткі бизнесіне байланысты ұйымдасқан қылмыстық топтарға қарсы күрес жүргізу жөнінде нақты шаралар жүзеге асырылатын болады.

Әділет министрлігінің қазіргі жұмыс істеп тұрған Сот сараптамасы орталығы мен Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттіктің Сот медицинасы орталығына есірткіге байланысты құқық бұзушылықтар туралы істер жөніндегі сот ісін жүргізу проблемаларын ғылыми зерттеу үшін жауапкершілік жүктеледі. Зерттеулер жүргізуге арналған лабораториялар мен құралдар жаңартылады. Бұдан басқа, тиісті жедел талдау жүргізу үшін, құқық қорғау мен өзге де органдардың ішінен Бас прокуратураның жанындағы Есірткіге байланысты қылмыстылық, заңсыз есірткілер мен қылмыстар туралы мәліметтер жинау жөніндегі құқықтық статистика және ақпарат орталығының мүмкіншілігі күшейтіледі.

Есірткі бизнесіне байланысты проблемалары айрықша өткір тұрған аймақтарда мамандандырылған соттар жүйесін дамытудағы алғашқы қадам ретінде Қарағанды қаласында есірткіге байланысты істер жөніндегі мамандандырылған сот құрылатын болады.

Республиканың кеден және мемлекеттік шекарасының оңтүстік және оңтүстік-шығыс учаскелері, Астана, Алматы қалаларының халықаралық әуежайлары мен Ақтау теңіз айлағы нығайтылатын болады.

Бұдан басқа, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы күресте құқық қорғау органдары душар болып отырған кадрларды мамандандыра оқытудың қажеттілігі мен тиісті коммуникациялардың жеткіліксіздігі секілді өзге де маңызды проблемаларды шешу көзделіп отыр. Осыған байланысты құрылған есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша Республика құқық қорғау органдары мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығы нығайтылады. Құқық қорғау мен өзге де мүдделі органдардың өкілдерінен тұратын ведомствоаралық топ есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында кадрларды даярлаудың стратегиясын әзірлейді. Байланыс мамандары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен тұратын жұмыс тобы Үкіметтің коммуникациялар саласындағы жалпы стратегиясы шеңберінің шегінде құқық қорғау органдарының тиімді түрде үйлестірілген коммуникациялар саласындағы мейлінше маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірыңғай жоспарды әзірлейді.

Барлық құқық қорғау органдары үшін есірткілерді табуға арналған нұсқаушыларды даярлау мен қызметтік иттерді үйретудің ұлттық бағдарламасын қолдау бойынша мүмкіншіліктер қазіргі бар екі құрылымды - Алматы

қаласындағы Ішкі істер министрлігінің жанындағы қызметтік иттерді өсіруге арналған питомник пен нұсқаушыларды даярлау және иттерді үйретудің орталығы ретінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын жаңарту, сондай-ақ Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің қызметтік иттерге арналған тиісті кинологиялық орталығын құру арқылы нығайтылатын болады. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институты кинология кафедрасының базасында есірткінің заңсыз таралуына қарсы күрес саласындағы жұмыс үшін Кинологтарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығы құрылатын болады.

Есірткіні заңсыз өндіруге қарсы күрестің шеңберінде заңсыз егілетін және жабайы өсетін апиын көкнәрі мен сораны құрту жөніндегі жыл сайынғы жүргізілетін науқан, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қылша шикізатын заңсыз жинау, өңдеу және сауда жасаудың жолын кесу жөніндегі іс-шаралары жалғаса беретін болады. Бұдан басқа апиын көкнәрі мен жабайы каннабисті жою жөнінде, сондай-ақ құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіруге қарсы бірнеше ауыл шаруашылық жобалары әзірленетін болады.

Үкімет осы жобалардың іске асырылу барысын қадағалауды жүзеге асырады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық бағдарламасының қолдауымен жүзеге асырылатын каннабистің, апиын көкнәрі мен қылшаның өсуінің картасын жасау бойынша аймақтық жобаның шеңберінде алынған ақпаратқа негізделетін, құрамында есірткі бар өсімдіктердің өсуі және өсірілуі туралы деректерді жинаудың ұлттық жүйесін құру басталады.

4.4. Есірткіні теріс тұтынудың алдын алу, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу мен оңалту

Есірткіні теріс тұтынудың алдын алу, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу мен оңалту, есірткіні теріс пайдаланудың мониторингі, оларды теріс пайдалану туралы деректерді жинау мен талдау жөнінде мақсатты бағдарламаларды іске асырудың негізін жасау үшін Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық орталығы құрылатын болады.

Әрбір облыс орталықтарында, облыстық маңызы бар қалаларда, Астана және Алматы қалаларында есірткіден мәжбүрлеп емдеу жөніндегі арнаулы емдеу-алдын алу мекемелері, сондай-ақ нашақорлықтан ойдағыдай емделу курсынан өткен адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтары құрылатын болады.

Бұл ретте есірткіге байланысты қылмыс жасағаны үшін сотталған нашақорларды күтіп ұстау үшін қажетті елеулі бюджет қаражатын бөлу мүмкіндігі ескеріледі (қамаудағы бір адамды күтіп ұстауға мемлекет жылына 140

мың теңге, ал бір нашақорды емдеуге 20,8 мың теңге жұмсайды).

Есірткіге тәуелді адамдарды емдеу мен оңалтудың қазіргі уақытта қолданылып жүрген тәжірибесіне талдау жасалынып, қазақстандық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен ұлттық семинар өткізіледі әрі есірткіге тәуелді адамдарды емдеу мен оңалту жөніндегі стратегия әзірленетін болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ВИЧ/СПИД-пен күрес жөніндегі Бағдарламасы демеушілік еткен арнайы бағдарламаға сәйкес Қарағанды облысында басталған ВИЧ/СПИД-тен келетін зиянды қысқарту жөніндегі алдын алу іс-шаралары басқа да аумақтарды қамтитын болады. Сонымен қатар жұмыс орнында есірткіні теріс пайдалануды болдырмаудың эксперименттік бағдарламасы бірнеше кәсіпорындарда басталып, кейін мейлінше кеңірек қолдану үшін сынақтан өтеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі Халықаралық Бағдарламасының ағымдағы ұлттық жобасына сәйкес әзірленген, барлық сыныптарды қамтитын және республиканың бірқатар мектептерінде сынақтан өткен Зиянды заттарды тұтынудың алдын алу жөніндегі мектеп бағдарламасы ұлттық деңгейде барлық жалпы білім беретін мектептерге енгізілетін болады.

Қоғамдық санада есірткіге жиреніш сезімін қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мақсатты жұмыс жалғастырылады, оқу-танымдық өнімі, аудио-бейне материалдары шығарылып, басқа да көрнекі үгіт жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу мен оңалту жөніндегі мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін мемлекет көтермелейтін болады.

4.5 Есірткінің заңсыз айналымын бақылау саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнату

Есірткінің заңсыз айналымын бақылау саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнату мақсатында Қазақстан Республикасы құқық қорғау және арнаулы қызметтерінің есірткінің заңсыз транзиті мен контрабандасын анықтау, алдын алу және жолын кесу жөніндегі мемлекетаралық келісімдердің шеңберінде бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру кезінде басқа мемлекеттердің, бәрінен бұрын Орталық Азияның, осы секілді қызметтерімен өзара іс-қимыл қамтамасыз етілетін болады.

Бұл үшін қазақстандық мамандардың есірткіні бақылау проблемалары жөніндегі халықаралық кездесулер мен форумдардың жұмысына және Орталық Азияда есірткіге бақылау жасау саласындағы ынтымақтастық Бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылатын есірткіге сұранысты қысқарту жөніндегі

іс-қимылдарға қатысуы қамтамасыз етіліп, Орталық Азияда есірткіні бақылау проблемаларына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіледі.

Бұдан басқа, есірткіге қарсы күрес саласында жұмыс істейтін барлық мекемелердің қызметіне қолдау көрсету үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдердің техникалық және өзге де көмегін тарту, кадрларды даярлау және қайта даярлау, тәжірибе алмасу, жабдықпен жарақтау, нашақорларды оңалтудың перспективалық бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс жалғастырыла береді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТЕТІГІ

Бағдарламада белгіленген іс-шаралардың кезең-кезеңімен орындалуы көзделген, бұл есірткішілдік проблемасымен шұғылданатын барлық құрылымдардың мүдделері мен мүмкіншілігін барынша ұштастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы заңдарды жетілдіру есебінен қолда бар әлеуетті дамыту мен нығайтуға, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылауды күшейтуге бағытталған. Бағдарламаны іске асыру тетігінің тиімділігі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, есірткіні теріс пайдаланудың пәрменді алдын алу, есірткіге тәуелді адамдарды жедел емдеу мен оңалту, есірткінің заңсыз айналымы мен оның теріс пайдаланылуын бақылау саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнату болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру үшін, республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігіне бөлінетін қаржы қаражаты Бағдарламаның 8-бөліміне сәйкес нақты іс-шараларды орындауға жауапты министрліктер мен ведомстволарға техникалық көмек түрінде берілетін болады.

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға арналған сыртқы техникалық көмекті бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасының бірлескен жобасының негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі Бағдарламаның іс-шараларының жүзеге асырылуын үйлестіріп, оның орындалу барысы туралы Қауіпсіздік кеңесінің мәжілістерінде жыл сайын баяндап отыратын болады.

6. БАҒДАРЛАМАНЫ РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарламаның қаржылық қамтамасыз етілуі осы Бағдарламаны іске асыруға бөлінген республикалық бюджеттің, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің * қаржысы есебінен жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, Бағдарламаны іске асыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіге бақылау жасау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасының жалпы сомасы 5 млн. АҚШ долларына тегін техникалық көмегі тартылады. Халықаралық қаржы ұйымдарының көмегін тарту мақсатында қосымша келіссөздер жүргізу де қ а р а с т ы р ы л у д а .

* - Сомалары жергілікті бюджеттерді жасау кезінде көзделеді.

7. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаны іске асырудың нәтижелері мыналар болуға тиіс: заңсыз айналымнан алынған есірткі мен психотроптық заттар көлемін ұлғайту және психотроптық заттарды теріс пайдалану нәтижесінде жасалатын қылмыстардың санын азайту; есірткіні заңсыз тұтынатын адамдарды тиімді анықтау және олардың санын бірте-бірте қысқарту; есірткінің заңсыз айналымына байланысты істер бойынша сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыру; сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден және мемлекеттік шекарасының периметрі бойынша бақылауды күшейту.

8. Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары

N!	Іс-шаралардың	!Іске асыру!	Іске !	Жауапты !	Қаржыландыру көздері,
!	атауы	! (аяқтау) !	асыру !	орындаушылар!	көлемі және басталуы
!		! нысаны !	мерзімі!		!-----
!	!	!	!	!	Республикалық !
!	!	!	!	!	Біріккен !
!	!	!	!	!	бюджет !
!	!	!	!	!	Ұлттар !
!	!	!	!	!	Ұйымы
!	!	!	!	!	!-----!-----
!	!	!	!	!	!2000 !2001 !
!	!	!	!	!	қар.! (мың
!	!	!	!	!	жыл !жыл !жы. !
					АҚШ

!	!	!	!	!(млн.!(млн.!(лан.!	долл.)		
!	!	!	!	!	тең.!	тең.!	ды.!
!	!	!	!	!	ге)	ге*)!	ру.!
!	!	!	!	!	!	дың!	
!	!	!	!	!	!	бас.!	
!	!	!	!	!	!	та.!	
!	!	!	!	!	!	луы!	

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында заңдарды жетілдіру

1. Есірткі, пси.	Үкіметтің	2000	Нашақорлыққа	-	-	-
хотроптық зат.	қаулысы		жылдың	және	есірткі	
тар мен пре.			III-	бизнесіне		
курсорлардың			тоқсаны	қарсы күрес		
айналымына				жөніндегі		
мемлекеттік				агенттік,		
бақылауды жү.				Энергоиндуст.		
зеге асырудың				саудамині,		
ережелерін				Бас прокура.		
әзірлеу				тура, Ішкі.		
				ісмині, Мем.		
				кірісминінің		
				Кеден комитеті,		
				Денсаулықагент.		
				тігі, ҰҚК		
				(келісім		
				бойынша),		
				Әділетмині		

2. Есірткі, пси.	министр.	2000	Энергоиндуст.	-	-	-
хотроптық зат.	лердің		жылдың	саудамині,		
тар мен пре.	бұйрық.		IV-	Бас прокура.		
курсорлардың	тары		тоқсаны	тура, Ішкі.		
айналымына				ісмині, Мем.		
мемлекеттік				кірісминінің		
бақылауды жү.				Кеден комитеті,		
зеге асыру				Денсаулықагент.		

ережелерінің
негізінде

тігі, ҰҚК,
Әділетмині

в е д о м с т в о л ы қ
н о р м а т и в т і к
қ ұ қ ы қ т ы қ
а к т і л е р д і
ә з і р л е у

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына
бақылауды күшейту

3. Есірткінің айналымын бақылау

Үкімет пен 2001 Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қылмыстың алдын алу

Ішкіісмині, жылдың III-тоқсаны

Денсаулық. агенттігі, Энергоиндуст. саудамині, Мемкірісмині. нің Кеден комитеті, Ұ Қ Қ ж ө н і н д е г і б а с қ а р м а . с ы н ы ң б і р л е с к е н ж о б а с ы н ы ң т а р а у ы

50

4. Прекурсорлардың дайындалуы мен олардың пайдаланылуын бақылау

Үкімет пен 2001 Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қылмыстың алдын алу

Ішкіісмині, жылдың IV-тоқсаны

Денсаулық. агенттігі, Энергоиндуст. саудамині, Мемкірісмині. нің Кеден комитеті, Ұ Қ Қ ж ө н і н д е г і б а с қ а р м а . с ы н ы ң

185

т а р а у ы

6.1. Оңтүстік Ведомство. 2000 - -
бағытта - лық бұйрық жылдың
"Қорғас" IV-тоқ.
(қытай бағыты), саны
"Жібек жолы"
(Өзбекстанмен
шекара),
"Қордай"
(Қырғызстанмен
шекара)

кедендері

6.2. Халықара. Ведомство. 2000 - - 200
лық әуе-жайлар. лық бұйрық жылдың
да - Астана IV-тоқ.
мен Алматы саны
қалаларында
және Ақтау
теңіз айла.
ғында

7. Есірткінің Үкімет пен 2000 ҰҚК Әскери 2000
заңсыз айна. Біріккен жылдың институты, 4,8 8,0 жыл. 340
лымына қарсы Ұлттар IV- Ішкііс. 8,0 20,9 дың
күрес жүргізу. Ұйымының тоқсаны міні, Мем. II
ші органдарда Есірткіні кірісми. 10,0 18,0 тоқ.
кинологиялық бақылау нінің Ке. саны
қызметтерді және қыл. ден коми. =22,8 =46,9
нығайту мыстың теті
алдын алу

жөніндегі
басқарма.
сының
бірлескен
жобасының
тарауы
және ве.
домстволық
бұйрықтар

8. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы	Министрдің бұйрығы	2000 жылдың IV-тоқ. саны	Ішкіісмині	9,6	4,5	2000 жылдың II-тоқ. саны
		к ү р е с т і ж ү з е г е а с ы р а т ы н і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң б ө л і м ш е л е р і н . д е ж ә н е п р о к у р а т у р а о р г а н д а р ы н д а				2 0 0 1 5,3 2001 =9,8 жылдың I - т о қ . с а н ы
компьютерлік байланыс құру	Халықаралық келісім	жылдың IV-тоқсаны	Бас прокуратура			

9. Транкингтік байланыс жүйесін құру	Үкімет пен Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қыл. м ы с т ы ң а л д ы н а л у	2000 жылдың IV-тоқ. саны	ҰҚК	-	-	180
						ж ө н і н д е г і б а с қ а р м а . с ы н ы ң б і р л е с к е н ж о б а с ы н ы ң т а р а у ы

10. Құрамында есірткісі бар өсімдіктердің алаңын тұйық.	Үкімет пен Біріккен Ұлттар Ұйымының	2000-2001 жылдар	Білімғылым. міні	2,0	4,0	2000 жылдың II
---	-------------------------------------	------------------	------------------	-----	-----	----------------

тау және қысқарту	Есірткіні бақылау және қыл.	тоқ. саны
-------------------	-----------------------------	-----------

м ы с т ы ң
а л д ы н а л у

ж ө н і н д е г і
б а с қ а р м а .
с ы н ы ң
б і р л е с к е н
ж о б а с ы н ы ң
т а р а у ы

11. Министрліктер мен ведомство. Біріккен лардың есірт. кінi бақылау. Ұлттар кiнi бақылау. Ұйымының дың түрлі са. Есірткіні лаларында жұ. мамандарды даярлау	Үкімет пен 2000-2001 жылдар	Ішкіісмині, 6,2 Мемкіріс. минінің Кеден коми. теті, ҰҚК, Әділетмині, 3,37 Бас проку. ратура	5,6 2000 95 жыл. дың П тоқ. саны 1,1 =12,7 =17,2 7
--	-----------------------------	---	--

ж ө н і н д е г і
б а с қ а р м а .
с ы н ы ң
б і р л е с к е н
ж о б а с ы н ы ң
т а р а у ы
ж ә н е в е .
д о м с т в о л ы қ
б ұ й р ы қ т а р

12. Қазақстан Республикасы Бас Прокура. турасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат	Үкімет пен 2000 жылдың IV-тоқ. саны	Бас проку. ратура	- 13,6 2001 170 жыл. дың П тоқ. саны
--	-------------------------------------	-------------------	--------------------------------------

орталығында.	алдын алу	
ғы	Есірткі	жөніндегі
	жөніндегі	басқарма.
ұлттық	ақ.	сының
параттық-		бірлескен
талдау	орта.	жобасының
лығын	нығай.	тарауы
т	у	

13. "Шикізат көз.	Үкімет пен 2001	Әділетмині.	-	10,0	2001	55,5
дерін, есірткі Біріккен	жылдың	нің Сот				жыл.
заттарын заң.	Ұлттар	III-	сараптамасы			дың
сыз өндіру	Ұйымының	тоқсаны	орталығы,			III-
мен тасымал.	Есірткіні		Білімғылым.			- тоқ.
дау тәсілде.	бақылау		мині, ҰҚК			- саны
рін бірдей.	және қыл.					
лендіру про.	мыстың					
блемасына	алдын алу					
	жаңа көзқа.		жөніндегі			
	рас"	жобасын	басқарма.			
енгізу			сының			
			бірлескен			
			жобасының			
			тарауы			
			және ве.			
			домстволық			
			бұйрықтар			

14. Қарағанды	Қазақстан 2001	Әділетмині,	-	200
қаласындағы	Республи.	жылдың	Жоғарғы Сот	
аудандық		касы Пре.	II-тоқ.	
соттың		зиденті.	саны	
базасында		нің	Жар.	
есірткіге			лығы	
		байланысты		
		құқық		
		бұзушылық		
		туралы		
		істерді		

қ а р а у
ж ө н і н д е г і
м а м а н д а н .
д ы р ы л ғ а н
с о т қ ұ р у

15. Есірткі жөнін. Үкімет пен 2000 Әділетмині. - - 170
дегі мына ла. Біріккен жылдың нің Сот
бораториялар. Ұлттар IV- сараптамасы
ды нығайту: Ұйымының тоқсаны орталығы
15.1. Әділет Есірткіні
министрлігі. бақылау
нің Сот сарап. және қыл.
тамасы орталы. мыстың
ғы алдын алу

ж ө н і н д е г і
б а с қ а р м а .
с ы н ы ң
б і р л е с к е н
ж о б а с ы н ы ң

тарауы

15.2. Денсау. Үкімет пен 2001- Денсаулық. - - 127
лық сақтау ісі Біріккен жылдың агенттігінің
жөніндегі Ұлттар IV- Сот медицинасы
агенттіктің Ұйымының тоқсаны орталығы
Сот медицинасы Есірткіні
орталығы бақылау
және қыл.
мыстың

а л д ы н а л у
ж ө н і н д е г і
б а с қ а р м а .
с ы н ы ң
б і р л е с к е н
ж о б а с ы н ы ң
т а р а у ы

16. Қазақстан Баяндама Жыл сайын, Нашакор. - - -
Республикасы IV-тоқ. лыққа

Қауіпсіздік	санда	және
Кеңесінің		есірткі
Хатшылығына		бизне.
елдегі		сіне
есірткі		қарсы
жағдайы және		күрес
оны		жөнінде.
тұрақтандыру		гі агент.
туралы		тік

х а б а р л а у

Есірткіні теріс пайдаланудың алдын алу, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту

17. Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық орталығын құру	Үкімет пен Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қыл.	2000 жылдың IV-тоқсаны	26	30	2000	360 жылдың II тоқсаны
	мыстың алдыналу					

жөніндегі
басқарма.
сының
бірлескен
жобасының

тарауы 2000
және Үкі. жылдың
меттің II-
қаулысы тоқсаны

18. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен қоғамдық санада	Жарияла. нымдар, Айына теле және бейнеро.	Ұдайы Айына екі рет (орыс мині	Мәдениет. паратмині, Білімғылым. мині	8,2	9	2000 жылдың 2,5 II-тоқсаны және қазақ
			ликтер			

есірткіге
жиреніш
сөзімін

тілдерін.
де 15 ми.
нуттен)

қалыптастыру

Радиоха. Айына

=8,9 =11,5

барлар

екі рет

мен аудио. (қазақ

роликтер және

орыс

тілдерін.

де)

19.

Есірткіні

теріс

пайдалануды

болдырмау

19.1. Халықтың Үкімет пен 2000- Денсаулық. - - 80
есірткіні тұ. Біріккен 2001 агенттігі,
тыну мәселесі Ұлттар жылдар Нашақорлық.
бойынша эпиде. Ұйымының тың медици.
миологиялық Есірткіні налық-әлеу.
зерттеулер бақылау меттік про.
жүргізу және қыл. блемалары.

мыстың

ның респуб.

алдын алу

ликалық

жөніндегі

орталығы

басқарма.

сының

бірлескен

жобасының

тарауы

19.2. Зиянды Үкімет пен 2000- Білімғылым. - - 90
заттарды тұты. Біріккен 2001 міні
нуға қарсы Ұлттар жылдар
мектеп бағ. Ұйымының

дарламасы

Есірткіні

бақылау

ж ә н е қ ы л .
м ы с т ы ң
а л д ы н а л у
ж ө н і н д е г і

б а с қ а р м а .
с ы н ы ң
б і р л е с к е н
ж о б а с ы н ы ң
т а р а у ы

19.3. Есірткі. Үкімет пен 2001 Денсаулық. - - 100
ні теріс тұты. Біріккен жылдың агенттігі
нудан келетін Ұлттар III-
зиянды қысқар. Ұйымының тоқсаны
ту және ВИЧ-ті Есірткіні
бақылау бақылау

ж ә н е қ ы л .

м ы с т ы ң
а л д ы н а л у
ж ө н і н д е г і

б а с қ а р м а .
с ы н ы ң
б і р л е с к е н
ж о б а с ы н ы ң
т а р а у ы

19.4. Есірткі. Үкімет пен 2001 Денсаулық. - - 120
ні теріс пай. Біріккен жылдың агенттігі,
даланудың ал. Ұлттар I-тоқ. Мәдениетақ.
дын алу сала. Ұйымының саны паратмині,
сындағы басқа Есірткіні қоғамдық
да қызмет бақылау ұйымдар

ж ә н е қ ы л .

м ы с т ы ң
а л д ы н а л у
ж ө н і н д е г і

б а с қ а р м а .
с ы н ы ң
б і р л е с к е н

20. Емдеу және оңалту сала. сында стратегия әзірлеу

Үкімет пен 2001 Біріккен Ұлттар Ұйымының

Денсаулық. жылдың I-тоқ. саны

Есірткіні бақылау және қыл. мыстың алдын алу жөніндегі басқарма. сының

налық-әлеу. меттік про. блемалары. ның респуб. ликалық орталығы, қоғамдық ұйымдар

бірілескен жобасының тар ауы

21. Емдеу және оңалту сала. сындағы іс-қимыл

Үкімет пен 2001 Біріккен Ұлттар Ұйымының

Денсаулық. жылдың II-тоқ. саны

Есірткіні бақылау және қыл. мыстың алдын алу жөніндегі басқарма. сының

налық-әлеу. меттік про. блемалары. ның респуб. ликалық орталығы

бірілескен жобасының тар ауы

22. Есірткі жағдайы күрделі орталықтарында,

Әкімдердің 2001 Облыс

актілері жыл

әкімдері және Астана мен Алматы

аудандар мен
қалаларда

қалаларының
әкімдері**

нарколологиялық
диспансерлерді
қалпына
келтіру

23. Облыс орталық. Үкіметтің 2001 Облыстардың - - -
тарында, об. қаулысы жылдың және Астана
лыстық бағыны. IV- мен Алматы
стағы қалалар. тоқсаны қалаларының
да, Астана мен әкімдері,
Алматы қалала. Еңбекмині,
рында нашақор. Әділетмині

лықтан мәжбүр.
леп емдеу жө.
ніндегі арнаулы
емдеу-алдын алу
мекемелерін,
сондай-ақ наша.
қорлықтан ойда.
ғыдай емделу
курсынан өткен
адамдарды меди.
циналық-оңалту
орталықтарын
құру

24. Балалар мен Министр. Ұдайы Білімғылым. - 3 2001 -
жасөспірімдер, лердің міні, Ден. 3 жыл.
ата-аналар, бұйрықтары саулықагент. 3 дың
педагогтар, тігі, Мәде. III-
әлеуметтік ниетақпарат. тоқ.
қызметкерлер міні =9 саны

үшін әдістеме.
лік оқу-таным.
дық әдебиетті
әзірлеу, аудио-
бейне материал.

д а р ы н ж әне
б а с қ а да к ө р .
н е к і ө н і м д е р д і
ш ы ғ а р у ғ а
д а й ы н д а у

Есірткінің заңсыз айналымын және оның теріс пайдаланылуын бақылау саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнату

25. Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы қызметтерінің есірткінің заңсыз транзитін анықтау, алдын алу және жолын кесу мақсатында мемлекетаралық келісімдердің шеңберінде кен іс-шараларды	Үкіметке есеп	Ұдайы	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттік, Ішкіісмині, ҰҚК, Мемкіріс. минінің Кеден комитеті, Қорғанысмині, Әділетмині, Бас прокуратура, Сыртқыісмині	- 4,5 3,5 4,9	2001 жылдың I-тоқсаны саны
		б е р і н д е	б і р л е с .		=12,9

ж ү з е г е а с ы р у
к е з і н д е б а с қ а
м е м л е к е т т е р д і ң ,
б ә р і н е н б ұ р ы н
О р т а л ы қ А з и я н ы ң
о с ы с е к і л д і қ ы з .
м е т т е р і м е н ө з а р а
і с - қ и м ы л ы н
қ а м т а м а с ы з е т у

26. Есірткіні бақылау және есірткішілдікке қарсы күрес саласында жаңа	Халықаралық келісімдер, БҰҰ-	2000-2001 жылдар	Сыртқыісмині, Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне	- - -
---	------------------------------	------------------	---	-------------

халықаралық	ның бағ.	қарсы күрес
келісімдер жасасу,	дарлама.	жөніндегі
осы салада қабыл.	лық жо.	агенттік,
данып қойылған	балары,	Әділетмині,
келісімдердің	Үкімет.	Ішкіісмині
шеңберінде		тің
ынтымақтастықты		шешімі
дамыту		

27. Есірткішілдікке	Келісім.	2000-	Сыртқыісмині,	-	-	-
қарсы күрес		дер, бір.	2001			Нашақорлыққа
саласында жұмыс		лескен	жылдар			және есірткі
істейтін мемлекет.		бағдарла.				бизнесіне
тік органдардың		малық				қарсы күрес
қызметіне қолдау		жобалар				жөніндегі
көрсету үшін						агенттік,
кадрларды даярлау						Әділетмині,
және қайта даяр.						Ішкіісмині

лауға, тәжірибе
алмасуға, жабдық.
пен жарақтауға,
перспективалық
оңалту бағдарла.
маларын әзірлеуге
халықаралық ұйымдар
мен донор елдердің
техникалық және
өзге де көмегін
тарту, сондай-ақ
қазақстандық
мамандардың
есірткіге бақылау
жасау проблемалары
жөніндегі халық.
аралық кездесулер.
дің және форумдар.
дың жұмысына
қатысуы

28. Есірткіні бақылау жүйесін басқару (нығайту) Үкімет пен Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау және қыл.

2000 жылдың IV-тоқ. бизнесіне саны қарсы күрес жөніндегі агенттік

ж ә н е қ ы л .

м ы с т ы ң

а л д ы н а л у

ж ө н і н д е г і

б а с қ а р м а .

с ы н ы ң

б і р л е с к е н

ж о б а с ы н ы ң

т а р а у ы

Қорытындысы

130 млн.301,57 млн. 4400

* - Бұл бағанда келтірілген шығыстар сомасы алдын ала берілген, оны 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2001 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия айқындайтын болады.

** - Жергілікті бюджеттерді жасау кезінде сомаларды іздестіру ұсынылады.